2) Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

облигацияның номиналдық құны белгіленген шама және 1 000 (бір мың) теңгеге тең болып табылады.

3) Облигациялардың саны:

50 000 000 (елу миллион) дана.

4) Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:

50 000 000 000 (елу миллиард) теңге.

5) Облигациялар бойынша номиналды құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:

Барлық төлемдер (сыйақының және негізгі борыш сомасының төлемдері) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) қолма қол ақшасыз тәртіпте Эмитентпен жүзеге асырылады.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болса, Облигациялар бойынша борыштың және (немесе) есептелген сыйақының негізгі сомасын төлеу Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында банк шоты теңгемен болса, теңгемен жүргізілетін болады.

Эмитент Қазақстан Республикасының резиденті емес – Облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктермейтін мерзімде тиісті жазбаша өтінішті алса, төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені тек АҚШ долларына және еуроға ғана айырбастауға жол беріледі. Аталған айырбастау төлем жүзеге асырылған күнгі Эмитенттің қызмет көрсететін банкісінің белгіленген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ долларына немесе еуроға айырбастау Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының резиденті емес есебінен жүргізіледі. Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары Облигацияларды ұстаушыға – Қазақстан



Республикасының резиденті емес аударуға жататын сомадан ұсталады.

4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:

Осы шығарылымның Облигацияларын төлеу қолма-қол ақшасыз нысандағы ақшамен жүргізілетін болады.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

- 1) *Облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесі және ол болған жағдайда қосымша сыйақы:*

Купондық сыйақы мөлшерлемесі Облигациялардың айналысының барлық мерзіміне тіркелген шама болып табылады және Облигациялардың номиналды құнының жылдық 18,5%-ын (он сегіз бүтін оннан бес пайыз) құрайды.

Облигациялар бойынша қосымша сыйақы жоқ.

- 2) *Облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні:*

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналымының бүкіл мерзімі ішінде Облигациялардың айналымы басталған күннен бастап әрбір 6 (алты) ай өткеннен кейін жылына 2 (екі) рет жүргізіледі.

- 3) *Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталған күн:*

Сыйақыны есептеу Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап жүзеге асырылады және Облигациялардың айналысы мерзімінің соңғы күні аяқталады.

- 4) *Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:*

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғалар төленеді (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – «**Белгілінген күні**»).

Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу Белгіленген күннен кейінгі кіннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың банк шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады. Купондық сыйақы номиналдық құнның және купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі. Сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

- 5) *Облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі:*

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақытша базаны негізге ала отырып жүргізілетін болады.

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

- 1) *ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу талаптары және болжамды мерзімдері;*
- 2) *облигацияларды ұстаушыларға негізгі шарт бойынша құрылған мүліктің меншік иегерінің ауысқаны туралы, кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат ұсыну тәртібі;*
- 3) *бөлінген активтердің есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру және активтерді инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты арнайы*



қаржы компаниясы шығыстарының тізбесі.

Эмитент арнайы қаржылық компания болып табылмайды.

7. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

- 1) *оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;*
- 2) *секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;*
- 3) *талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі;*
- 4) *бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі;*
- 5) *секьюритилендіру мәмілесі бойынша қызметке ақы төлеуге байланысты шығыстар және оларға сәйкес арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы талаптар;*
- 6) *оригинатордың және секьюритилендіру мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;*
- 7) *секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтер өсімінің мөлшері, құрамы мен болжамдық талдауы;*
- 8) *талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемшарттары;*
- 9) *облигациялық бағдарлама шеңберінде шығарылған әр түрлі шығарылымдар облигацияларын өтеу кезектілігі.*

Эмитент арнайы қаржылық компания болып табылмайды.

8. Облигацияларды орналастыру талаптары және тәртібі:

- 1) *Облигацияларды орналастырудың басталған күні:*

Облигацияларды орналастыру айналысы басталған күннен бастап жүргізіледі.

- 2) *Облигацияларды орналастырудың аяқталған күні:*

Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күні болып табылады.

- 3) *Облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):*

Облигацияларды орналастыру құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жүзеге асырылатын болады.

9. Облигацияларды айналысқа жіберу талаптары және тәртібі:

- 1) *Облигацияларды айналысқа жіберудің басталған күні:*

Облигацияларды айналысқа жіберудің басталған күні оның ішкі құжаттарына сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «**Биржа**») сауда жүйесінде Облигацияларды орналастыру бойынша бірінші өткізілген сауда-саттық күні.

Облигацияларды айналысқа жіберудің басталған күні Биржаның интернет-ресурсында жарияланады (www.kase.kz).

- 2) *Облигацияларды айналысқа жіберудің аяқталған күні:*



Облигациялар айналысының басталу күнінен бастап 3 (үш) жыл өткеннен кейін.

3) *Облигациялардың айналыс мерзімі:*

Облигациялардың айналыс мерзімі айналыстың басталған күнінен бастап 3 (үш) жыл.

4) *Облигацияларды айналысқа жіберу жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):*

Облигациялар ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында орналастырылады.

10. Облигацияларды өтеу талаптары және тәртібі:

1) *Облигацияларды өтеу күні:*

- соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, Облигацияларды өтеуге арналған ақшаны Эмитент уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мерзімдерде орталық депозитарийде ашылған шотқа аудару;
- Облигацияларды өтеуге арналған ақшаны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және (немесе) орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында белгіленген мерзімдерде Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына аудару.

2) *Облигацияларды өтеу тәсілі:*

Соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда Облигацияларды өтеуге арналған ақшаны Эмитент Облигациялардың әрбір ұстаушысына төленетін сома туралы ақпаратты қамтитын Облигацияларды ұстаушылардың тізбесін қоса беріп уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды өтеуге сомасын енгізу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа аударылады.

Орталық депозитарий уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен осы Облигацияларды ұстаушылардың банк шоттарына Облигацияларды өтеуге арналған ақшаны аударуды жүзеге асырады.

3) *Егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі:*

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүліктік құқықтармен жүргізілмейді.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда:

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі «Бағалы қағаздар нарығы туралы» № 461-ІІ Заңының (бұдан әрі - «Бағалы қағаздар рыногы туралы заң») 15 және 18-4 баптарымен белгіленбеген Облигацияларды шығару үшін өтеп алудың қосымша талаптары жоқ.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасымен эмитенттердің бастамашылығы бойынша облигацияларды өтеп алуды жүзеге асыру тәртібі қарастырылмағанын ескере отырып, осы тармақ Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды өтеп алу құқығының тәртібін, талаптарын және мерзімдерін сипаттаудан тұрады.

1) *Облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, талаптары:*



Эмитенттің уәкілетті органы Облигацияларды сатып алу туралы тиісті шешім қабылдаған жағдайда Эмитент Облигацияларды олардың айналысқа жіберудің мерзімі ішінде толық немесе ішінара сатып алуға құқылы. Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы, сатып алу тәртібі, шарттары мен мерзімі Эмитенттің уәкілетті органының тиісті шешімімен айқындалады.

Сатып алынған Облигациялар өтелген болып есептелмейді және Эмитентпен қайта өткізілуі мүмкін.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигациялар сатып алынатын Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкеп соқпайды.

2) *Облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі көрсетіледі:*

Эмитенттің уәкілетті органының Облигацияларды сатып алу туралы шешімі осындай шешім қабылданған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың назарына Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есеп беру депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру жолымен жеткізіледі. Хабарламада Эмитент Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыратын тәртібінің, шарттарының сипаттамасы және күні көрсетілуі тиіс.

Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылғаннан кейін орналастырылған (сатып алынған Облигацияларды шегергенде) Облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент Биржаның ішкі қағидаларына сәйкес ашады.

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

1) *Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:*

Облигациялар айналымы мерзімі ішінде Эмитент келесі ковенанттарды сақтауға міндетті:

- а) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартында және (немесе) Биржаның өзге ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімін бұзуға жол бермеуі тиіс;
- б) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартында және (немесе) Биржаның өзге ішкі құжаттарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуға жол бермеуі тиіс.

2) *Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитент іс-әрекетінің тәртібі:*

Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитент іс-әрекетінің тәртібі осы проспектінің 19-тармағының «Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы проспектіте көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығын Облигацияларды ұстаушылардың жүзеге асыру шарттары, тәртібі және мерзімдері» тармақшасында көзделген.

3) *Ковенанттар бұзылған кезде облигация ұстаушылар іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі:*

Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитент іс-әрекетінің тәртібі осы проспектінің 19-тармағының «Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы проспектіте көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығын Облигацияларды ұстаушылардың жүзеге асыру шарттары, тәртібі және мерзімдері» тармақшасында көзделген.



13. Айырбасталатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

Осы шығарылымның Облигациялары айырбасталатын емес.

14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

Осы облигациялар қамтамасыз етілген болып табылады.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе):

Осы облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілмейді.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері:

Осы облигациялар инфрақұрылымдық облигациялар болып табылмайды.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

Осы шығарылымның Облигацияларын орналастырудан алынған қаражатты Эмитенттің міндеттемелерін қайта қаржыландыруға және Эмитенттің мұнай-газ, мұнай өңдеу және кен өндіру салаларындағы жобаларын қаржыландыруға, айналым капиталын толықтыруға бағытталады.

Облигациялар «жасыл» облигацияларға, әлеуметтік облигацияларға, тұрақты дамудың облигацияларына, инвестициялық облигацияларға немесе тұрақты дамуға байланысты облигацияларға жатпайды.

18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі:

Облигацияларға ақы төлеу Эмитенттің бұрын орналастырылған облигациялары бойынша талап ету құқықтарымен жүзеге асырылмайды.

19. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

Облигацияларды ұстаушыларында мынадай құқықтары бар:

- Облигациялар айналымы кезінде осы проспектісінде көзделген тәртіпте және мерзімде облигацияның номиналды құнын алу құқығы;
- осы проспектісінде көзделген тәртіпте және мерзімде Облигациялар бойынша белгіленген купондық сыйақы алу құқығы;
- Облигацияларды еркін сату және өзге тәсілмен билік жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда және тәртіпте өзінің талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің және Биржаның ішкі құжаттарымен көзделген тәртіпте Эмитенттің қызметі және оның қаржылық күйі туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы проспектіде көзделген



жағдайларда бұдан әрі осы проспектіде көрсетілген шарттарда, тәртіппен және мерзімдерде Эмитенттің Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен, Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа да құқықтарды талап етеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы проспектіде көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығын Облигацияларды ұстаушылардың жүзеге асыру шарттары, тәртібі мен мерзімдері:

Облигацияларды ұстаушылардың оларға тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар (бұдан әрі - «**Облигацияларды сатып алу үшін негіздер**»):

- 1) Эмитент Бағалы қағаздар нарығы туралы заңы 18-4-бабының 4-тармағына сәйкес айқындалатын баға бойынша осы проспектінің 12-тармағында көзделген шарттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда;
- 2) Бағалы қағаздар нарығы туралы заңы 15-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалатын баға бойынша Бағалы қағаздар нарығы туралы заңы 15-бабының 2-тармағында көзделген Облигацияларды сатып алу үшін негіздер туындаған жағдайда;
- 3) Бағалы қағаздар нарығы туралы заңы 18-4-бабының 4-тармағына сәйкес айқындалатын баға бойынша Бағалы қағаздар нарығы туралы заңы 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) көзделген Облигацияларды сатып алу үшін негіздер туындаған жағдайда.

Облигацияларды сатып алу үшін Негіздердің кез келгені туындаған жағдайда Эмитент Облигацияларды сатып алу үшін тиісті Негізі туындаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мұндай негіздің туындау себебін, оны жоюдың ықтимал әдісі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, Облигацияларды сатып алу Негізі туралы ақпаратты Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есеп беру депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру жолымен Облигация ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Облигацияларды сатып алу үшін Негіздердің кез келгені туындаған жағдайда Облигацияларын сатып алуды талап ету құқығын жүзеге асыруды жоспарлайтын Облигацияларды ұстаушылар Биржа мен Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарында Облигацияларды сатып алу үшін Негіздердің туындағаны туралы ақпарат бірінші рет жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күні ішінде Эмитенттің орналасқан жері бойынша оларға тиесілі Облигацияларын сатып алу туралы жазбаша талаптарын беру керек.

Облигация ұстаушылардың жазбаша талаптары келесі мәліметтерді көрсете отырып, еркін нысанда беріледі:

- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәлікті (анықтаманы) берген орган мен берілген күні; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген органы; тұрғылықты жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

Облигацияларды ұстаушылардың оларға тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерін қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін күнтізбелік 40 (қырық) күн ішінде Эмитенттің уәкілетті органы сатып алу күніне және сатып алуға жататын



Облигациялардың санына нұсқауды қамтитын Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Сатып алуға жататын Облигациялардың санын Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың берген Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштері негізінде ғана анықтайды.

Эмитенттің уәкілетті органы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент бұл жөнінде Облигацияларды ұстаушыларына Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есеп беру депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру жолымен хабардар етеді.

Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитенттің уәкілетті органы Облигацияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Эмитент жүзеге асыруы тиіс.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылардың осы проспектіде көрсетілген айналысқа жіберудің мерзімі аяқталған соң оларға тиесілі Облигацияларды өтеуге құқығы бар.

Облигацияларды ұстаушылардың Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда Эмитенттің оларға тиесілі Облигацияларын сатып алуды талап ету құқығын іске асырудың шарттары, тәртібі мен мерзімдері осы проспектінің 20-тармағында көзделген.

20. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

1) Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:

Дефолт -Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамауы.

Басталуы кезінде облигациялар бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «**Дерфолт оқиғасы**») осы проспектіде көзделген негізгі қарыз сомасын және (немесе) купондық сыйақыны төлеу бойынша мерзімі аяқталғаннан кейін Облигациялар бойынша Эмитенттің негізгі қарыз сомасын және (немесе) купондық сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны болып табылады.

Егер мұндай төлемеу және (немесе) толық емес төлеу Эмитенттің сыйақыны және (немесе) номиналды құнын төлеуде жүзеге асыруға мүмкінсіз еткен Эмитенттің Облигацияларды ұстаушыларының анық емес немесе толық емес банк шотының деректемелерін алу немесе «Орталық бағалы қағаздар депозитарийі» АҚ заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімдерде Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін Эмитентке ұсынбау нәтижесінде Эмитенттің осы проспектіде белгіленген мерзімдерде сыйақыны және (немесе) Облигациялардың номиналды құнын төлемегені немесе толық емес төлегені Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

2) Облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар:

Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлмесіне байланысты есептелетін мерзімін өткізіп алудың әрбір күні үшін өсімақыны Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың пайдасына есептеуі және төлеуі тиіс.



Егер бұл орындалмауы еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болса, Эмитент осы проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп туындауды болжауға немесе болдырмауға мүмкіндік болмаған мән-жайлар (табиғат құбылыстары, әскери іс-қимылдары, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілері және басқалар) түсініледі. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы проспекті бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары қолданылатын уақыт кезеңіне барабар ұзартылады.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама бірінші рет жарияланған күннен кейін күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент сатып алуға жарияланған Облигациялардың санын көрсетіп, жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, Облигацияның номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша Облигациялардың (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) сатып алу туралы Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша талаптарын (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) қабылдауды жүзеге асыру тиіс

Эмитент Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама бірінші рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне, басқа мәселелермен қатар, олардың ұстаушылары жариялаған Облигациялардың (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарының) көлемін және (қажет болған жағдайда) Облигацияларды шығару проспектісіне ықтимал өзгерістердің жобасын есепке ала отырып құрастырылуы тиіс Эмитенттің өз төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және (немесе) Облигацияларды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелерін қайта құрылымдау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы мәселелер қосылуы тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының қорытындылары бойынша Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және (немесе) Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылар ұстаушылардың міндеттемелерін қайта құрылымдау жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмесе және эмитент оның төлем қабілеттілігін қалпына келтіре алмайтыны және (немесе) Эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелерін қайта құрылымдауға болмайтыны туралы шешім қабылданса, сондай-ақ егер Эмитент борышкердің кредиторлардың талаптарын толық қанағаттандыра алмауынан туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімдерде Облигация ұстаушылардың келіп түскен жазбаша өтініштері бойынша Облигациялар бойынша негізгі қарыз сомасын және (немесе) купондық сыйақыны төлеу және Облигацияларды өтеу бойынша міндеттемелерін орындамаса, Эмитент пен Облигацияларды ұстаушылардың (Облигациялар бойынша талап ету құқықтары ұстаушыларының) одан арғы іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысының қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсе, Эмитенттің уәкілетті органы Облигацияның оның ұстаушыларына берілетін құқықтарын есепке ала отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

- 3) *Эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы*



мәліметтерден тұратын дефолт фактісі туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі:

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезінде Эмитент мұндай Дефолт оқиғасын баталу себептерін жою және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күш-жігерін салады. Дефолт оқиғасы болған жағдайда Эмитент Облигацияларды ұстаушыларды Дефолт оқиғасы болған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есеп беру депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру жолымен хабардар етеді. Хабарлама мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1. дефолт фактісі туралы ақпарат;
2. Эмитенттің дефолт болған күнге орындалмаған міндеттемелерінің көлемі;
3. Дефолт оқиғасына әкелген міндеттемелерді орындамау себептері;
4. Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал әрекеттерінің тізбесі, оның ішінде Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдері;
5. Дефолт оқиғасының туындауына себеп болған себептерді жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
6. Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Басқа заңды тұлғаға бұл ақпаратты ашуға тапсырма беру көзделмеген.

- 4) *Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні:*

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ынтымақты немесе субсидиарлы жауапкершілікте болатын тұлғалар, жоқ.

- 21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы.**

Эмитенттің ақшалай қаражаттар көздері және ағымдарының болжамы осы проспектінің 1-Қосымшасында келтірілген

- 22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):**

Осы шығарылымдағы облигациялар қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар болып табылмайды, осыған байланысты, Облигацияларды ұстаушылардың өкілі қарастырылмаған.

- 23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):**

Сыйақы төлеуді және Облигацияларды өтеуді Эмитент төлем агентінің қызметтерін пайдаланбай дербес жүзеге асырады.

- 24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):**



- 1) Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:
- толық атауы: «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы;
 - қысқартылған атауы: «Фридом Финанс» АҚ.
- 2) Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері:
- орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7 үй, 3а т.о.;
 - байланыс телефондарының нөмірі: +7 (727) 311-10-64, ішкі нөмірі 502, 616, 342.
- 3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі:
- 2022 жылғы 13 қыркүйектегі қаржы консультанты және андеррайтер қызметтерін қарастыру туралы № ФФ-13092022 шарт.
- 4) Егер, эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі:
- Эмитент облигацияларды шығару кезінде басқа консультанттарды тартқан жоқ.

Президент

Ракишев К. Х.



№1 Қосымша. Облигацияларды жабу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігіндегі негізгі борыштың сомасын жабу және сыйақыларды төлеу үшін қажетті, Эмитенттің ақшалай қаражат көздерінің және ағымдарының болжамы

Млн теңге

	2022 жылдың 2 жартысы	2023 жылдың 1 жартысы	2023 жылдың 2 жартысы	2024 жылдың 1 жартысы	2024 жылдың 2 жартысы	2025 жылдың 1 жартысы	2025 жылдың 2 жартысы
Операциялық қызметтен түсетін ақша қозғалысы	-22 464	6 455	13 268	3 780	4 012	3 486	2 878
Түсу	20 253	11 812	17 897	9 302	8 722	8 143	7 535
Шығу	-42 717	-5 357	-4 629	-5 522	-4 710	-4 657	-4 657
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қозғалысы	-127	10 050	9 916	0	8 266	0	8 304
Түсу	19 532	15 000	9 916	0	8 266	0	8 304
Шығу	-19 660	-4 950	0	0	0	0	0
Қаржы қызметтен түсетін ақша қозғалысы	23 795	-14 396	-6 916	-218	-1 013	-1 111	-51 073
Түсу	50 000	0	0	5 887	5 092	4 994	5 032
- оның ішінде Облигацияларды орналастырудан	50 000						
Шығу	-26 205	-14 396	-6 916	-6 105	-6 105	-6 105	-56 105
- оның ішінде Облигациялар бойынша	0	- 4 625	- 4 625	- 4 625	- 4 625	- 4 625	- 54 625
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының таза ұлғаюы/ (-) азаюы	1 203	2 109	16 268	3 562	11 265	2 375	-39 892
Мерзімі басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	7 235	8 438	10 548	26 816	30 377	41 642	44 017
Мерзімі соңыдағы ақша қаражаты және олардың баламалары	8 438	10 548	26 816	30 377	41 642	44 017	4 126

